

№25 С.Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде

Кәсіби бағдар беру бойынша өткізілген іс – шараның

Анықтамасы № 1

Бескүбыр ауылы.

26 қазан 2023 жыл.

Қатысқандар: 11 сыныптар.

1. «Менің мамандығым – менің болашағым» тақырыбында 11-сынып оқушыларының арасында мамандық таңдауға байланысты дөңгелек үстел өткізу.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша таныстырылып өтті.

Болашақта қандай маман иесі болғым келеді, қай мамандықты тандасам болады? Осы бір сұрақ өмірге келіп, сана-сезімі жетілген әрбір адамды толғандырады сөзсіз. Адам асқақ арманға, биік мақсатқа ұмтылады. Әр мамандық өзінше тартымды, өзінше ерекше, қажетті болып саналады. Мамандық таңдау — адам өміріндегі ең маңызды қадамдардың бірі. Яғни адам өз бойындағы қабілетіне қарай, икемділігіне қарай, бір сөзбен айтқанда шама-шарқына қарай өзіне және қоғамға қызмет ету дегенмен бірдей. Сондықтан адам баласы өмірде мамандық таңдауда өз өміріне балта шаппастай етіп үлкен жауапкершілік арқалай отырып асқан қабылметімен таңдау жасауы тиіс. Себебі, адам тағдырының бір бөлігі өзі таңдаған мамандығымен ұштасып жатады. Бірақ, біздің жастарымыз осы тұрғыдан келгенде аяғын шалыс басып, өз таңдауларын дұрыс жасай алмай, көп опык жеп отыратын кездері де кездеседі. 11 сынып оқушыларына сұрақтар беріліп өздеріне қандай мамандық иесі боуды түсіндіріп жұмыс жүргізді. Сабақ барысында оқушылар арналған сұрақтар беріліп сұрақтарға мұқият жауап берді. Оқушылар өздеріне керек дүниелерді түсіндірді.

Кәсіби бағдар педагогы:  Р.Урисбаева



